

Дәріс №7

Тақырыбы: Батыс Түрік (603-704 жж.) және Түркеш (704-756 жж.) қағанаттары.

Дәрістің мақсаты: Студенттер Батыс Түрік қағанатының территориясы, этникалық құрамы-он оқ будун, саяси тарихы туралы біледі; түркеш-араб, түркеш-қытай, қарлұқ-түркеш шиеліністерінің себептерін, тарихи маңызын ажырата алады; түркеш қағанатының территориясын тарихи картадан жақсы бағамдауға дағдыланады.


Мазмұны: 1. Батыс Түрік қағанатының құрылуы, қағанаттың экономикалық саяси өзегі - Он оқ будун. 2. Жеғұй қаған мен Тон жабғу қаған кезіндегі мемлекеттің күшеюі. 3. Дулу және нушиби тайпалық бірлестіктерінің арасындағы күрес (640-657 жж.). 4. Түргеш қағанаты – Батыс Түрік мемлекетінің заңды жалғасы.

Батыс Түрік қағанатының құрылуы.

Батыс Түрік қағанаты (603-704 жж.) – қазіргі Қазақстанның территориясын, Жоңғария және Шығыс Түркістанды қамтиды. Ал Шығыс Түрік қағанаты Монғолияда орналасқан.

Этникалық құрамы: он оқ будун-Шу өзенінен шығысқа қарай бес тайпа дулу, батысқа қарай нушиби жайлады.


Мемлекеттің негізін Тардуш (Дато) қалады. Оның тұсында мемлекет күшейсе, Шығыс Түрік қағанаты Қытайдың шапқыншылығының нәтижесінде әлсіреген кезі еді. Осы жағдайды пайдаланғысы келген Тардуш Алтайдағы телелерді бағындырып өзін Шығыс Түрік қағанатының қағанымын деп жариялайды.



Жеғұй қаған мен Тон жабғу қаған кезіндегі мемлекеттің күшеюі.

2.

Мемлекеттің күшеюі



Батыс Түрік қағандығы Византиямен дипломатиялық қатынас орнатады.

Тон-жабғу билігінің деспотиялық сипаты күшейеді.

Ұлан-ғайыр аумақты мекендеген түркі тілдес үйсін, қанлы, қарлұқ, оғыз, қыпшақ т.б. тайпалар Батыс Түрік қағандығының құрамына

енді.

Жеғұй қаған (610-618 жж.) және оның інісі Тон-жабғу қаған (618-630 жж.) күшейді. Мемлекеттің шекарасын Тоқарыстан мен Ауғанстанға жорық жасау арқылы Үндістанның солтүстік-батысына дейін кеңейтті. Ал Тон-жабғу қағандықтың аумағын кеңейту жөнінде саясатты одан әрі жалғастырып, әкімшілік орталығын сол кездегі қолөнер мен сауданың маңызды орталығы болған Суяб қаласына көшірілді, ал жазғы қонысы-Мыңбұлақта болды. Жаңа жорықтар қағанның аумағын Гиндикуш пен Амударияның жоғарғы ағысына дейін кеңейтті. Тянь-Шаньның оңтүстігі, Мауереннахрдағы, Орта Азия жеріндегі отырықшы аймақтар мен қалалар Батыс Түрік қағандығына тәуелді болды. Батыс Түрік қағандығы Византиямен дипломатиялық қатынас орнатады. Тон-жабғу император Ираклидің Кавказ сыртына 627-628жж. жасаған жорығына қатысып, еншіге Чоре мен Тбилисиді алады. Қызы Евдокияға үйленді. Осы ұлан-ғайыр аумақты мекендеген түркі тілдес үйсін, қаңлы, қарлұқ, оғыз, қыпшақ т.б. тайпалар Батыс Түрік қағандығының құрамына енді.



Тон-жабғу билігінің деспотиялық сипаты күшейеді. Бұл тайпа басшылықтардың наразылығын күшейтеді. Қағантың саяси өмірінің ішкі жағдайы шиеленіседі. Бұл жағдайды пайдаланған ықпалды әскербасы Кюльбагатур Удельдер арасындағы соғысты тоқтату деген желеумен жиені қаған Тон-жабғуды өлтіріп, өзін қаған деп жариялады. 630-634жж. қағанат Мауереннахрдан айырылады. 634ж. нушиби өкілдері Ышбыра Елтеріш Ширді қаған қылып сайлайды. Ол реформа жасайды. Жаңа реформалар тайпа көсемдерін қағанға бағынышты етіп қояды. Алайда қағандықтың әскери-саяси диктатурасы тайпаларды бағыныштылықта ұстауға жеткіліксіз болып шығады. 638ж. дулу тайпасы өздеріне келген шадтардың бірін қаған сайлау дулу мен нушибилер арасында қантөгіс соғыстың тууына себеп болды. Осыдан кейін қағандық екіге бөлінді. Олардың арасындағы шекара Іле өзені арқылы өтті.

Дулу және нушиби тайпалық бірлестіктерінің арасындағы күрес (640-657 жж.).



Мемлекет ішкі он алты жылға созылған (640-657 жж.) соғыстардың нәтижесінде әлсіреді. Мұны пайдаланған Тан империясының әскері 659 жылы Жетісуды басып алады, Ешбар Елтеріс қаған қаза тапты. Ақырында, қытайлармен жүргізілген соғыстардың нәтижесінде түргештер жеңіске жетіп, саяси күшке айналды.


Тудундар – Тон-жабғу өзі бекіткен бақылаушылар, олар қағанның қазынасына оған бағынышты елдерден түсетін алым-салықты жинап, бақылау орнатты.

Қағанаттағы ең жоғарғы билеуші – *қаған* (Ашина руынан шыққандар). Сонымен қатар 28 дәрежеден тұратын лауазым иелері болды. Халықтың негізгі бөлігі – *қара бұқара*, ал төменгі жігі *тат* деп аталды.

Қорыта келгенде, Батыс Түркі қағандығының едәуір бөлігі отырықшылыққа көшіп, қолөнермен, егіншілікпен айналысқан. Шығыс Түркі

қағандығымен салыстырғанда оның әлеуметтік құрылымы да едәуір күрделі болды, яғни феодалдық мемлекет дәрежесіне көтерілді.

3. Дулу және нушиби тайпалық бірлестіктері



- Тудундар – Тон-жабғу өзі бекіткен бақылаушылар, олар қағанның қазынасына оған бағынышты елдерден түсетін алым-салықты жинап, бақылау орнатты.
- Қаған (Ашина руынан шыққандар) – Қағанаттағы ең жоғарғы билеуші.

Сонымен қатар, 28 дәрежеден тұратын лауазым иелері болды. Халықтың негізгі бөлігі – кара бұқара, ал төменгі жігі тат деп аталды.

Активация Windows
Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".

Түргеш қағанаты – Батыс Түрік мемлекетінің заңды жалғасы.

Түркеш қағанаты 704-756 жылдар аралығында өмір сүрді. Бұл кезде Жетісу аймағында араб басқыншыларына қарсы күрес жүріп жатқан болатын. Жетісуда Түркеш қағанаты билеушілерінің негізін қалаушы Үшелік-қаған. Оның билік жүргізген кезі-699-706 жылдар. Ол Жетісудан Батыс Түрік билеушісі Бөрішадты қуып, Ташкенттен Турфанға және Бесбалыққа дейін өзінің өкіметін орнатты. Оның басты саяси орталығы-Шу өзені бойындағы Күнгүт қаласы. Үшелік елді 20 ұлысқа бөліп, олардың әр қайсысында 7 мыңнан әскер ұстады.

705 жылы арабтар шабуыл жасап, Әмударияның шығысындағы Мауереннахрды жаулап алуға кірісті. Хорасанды билеуші Күтеиб-ибн-Мүсілім Балхы жерін басып алып, Бұхараға аттанады. Осындай қиын кезеңде түргештер Соғды еліне көмекке келеді, Күтеибке тойтарыс береді. 709 жылы Күтеиб Мауереннахрға қайтадан жорық ұйымдастырады. Ол Соғдиана патшасы Тархунды алдап, оны түріктердің көмегінен бастартуға мәжбүр етеді, сөйтіп Бұхараны басып алады.

4. ТҮРГЕШ ҚАҒАНАТЫ



Түркеш қағанатында Үшелік өлгеннен кейін билеуші оның баласы Сақал-қаған болды. Оның ел билеген кезі 706-711 жылдар. Бұл кезде елдің ішкі және сыртқы жағдайы өте күрделі еді, бірлік болмады. Батыста түркештер соғдылармен бірігіп арабтарға қарсы күрес жүргізді. Оңтүстіктен оған Қытайдың Тан империясы, шығыстан Орталық Азия түріктері қауіп төнгізді. 711 жылы Шығыс Түрік қағанаты Қапаған Жоңғария жерінде (Болучи түбегінде) түркештерге соққы беріп, Сырдариядан өтті. Бұл кезде арабтарға қарсы самархандықтар мен Орталық Азия түріктері көтерілді. 712-713 жылдары арабтарға қарсы түріктер, соғдылар, Шаш қаласы тұрғындары және ферғаналықтар бірігіп күш көрсетті. Мауереннахрдағы араб иелігіне төніп отырған қауіпті түсінген Кутейб Шаш қаласын өртеді, 714 жылы ол Исфиджабқа шабуыл ұйымдастырды.

Көптеген қиындықтардан кейін Түркеш қағанаты Сұлу қағанның (715-738жж.) тұсында қайта күшейе бастады. Сұлу екі майданда: Батыста арабтарға қарсы, шығыста Тан империясымен күрес жүргізді. 723 жылы түркештер Ферғана қарлұқтармен және Шаш тұрғындарымен бірігіп, арабтарға күйрете соққы берді. Дегенмен 732 жылы өз әскерлерін біріктіріп, түркештерді қирата жеңіп, Бұхара қаласын басып алды. 737 жылы Сұлу арабтарға қарсы жорық ұйымдастырып, Тохарстанға дейін жетті, бірақ кейін жеңіліп қалды. Қайтып келе жатқанда, оны өзінің әскери басшысы Бағатархан өлтірді.

Түркеш мемлекеті өз ішіндегі күрестің нәтижесінде едәуір әлсіреді, оның осы жағдайын Тан империясы ұтымды пайдаланды. Оның Шығыс Түркістан жеріндегі билеушісі 748 жылы түркештердің басты қаласы Суябқа әскер жіберіп, оны басып алды, Шаш қаласының билеушісі өлтірілді. Оның баласы арабтардан көмек сұрады. 751 жылы Тараздың қасындағы Атлах қаласы жанында Зияд-ибн-Салых бастаған араб әскерлері мен Гао-Сяньчжи басқарған қытай әскерлерінің арасында 5 күнге созылған қырғын соғыс жүрді. Қытайлықтарға қарсы оның тылындағы қарлұқтар көтерілді. Нәтижесінде қытай әскерлері жеңіліске ұшырады. Олар Жетісуды ғана емес,

Шығыс Түркістан жерін тастап кетуге мәжбүр болды. Сондай-ақ арабтар Талас жерін қалдырып, Шаш қаласына шегінде. Бірақ өз ішінен әлсіреген Түркеш мемлекеті 756 жылы құлады.



ҚОРЫТЫНДЫ



БАТЫС ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ, ҚАҒАНАТТЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ-САЯСИ ӨЗЕГІН АНЫҚТАДЫҚ;



ЖЕҒҰЙ ҚАҒАН МЕН ТОН ЖАБҒУ ҚАҒАН КЕЗІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАҒДАЙЫН ҚАРАСТЫРДЫМ;



ТАЙПАЛЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ КҮРЕС ПЕН ЕЛ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНЕ ТОҚТАЛДЫМ;



БАТЫС ТҮРІК МЕМЛЕКЕТІНІҢ ЗАҢДЫ ЖАЛҒАСЫ – ТҮРГЕШ ҚАҒАНАТЫМЕН ТАНЫСТЫМ.

Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".